

Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 154-бабы бірінші тармағы 3) тармақшасының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі туралы

Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің қаулысы 2000 жылғы 1 қараша N 19/2

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі құрамында Төрағаның міндетін атқарушы Н.І.Өкеев, Кеңес мүшелері Ж.Д.Бұсырманов, А.Есенжанов, Қ. Ә.Омарханов және В.Д.Шопин қатысқан, өтініш субъектісінің өкілі - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Н.Т.Суханованың қатысуымен өткен ашық отырысында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің К990411_154-бабы бірінші тармағы 3) тармақшасының (бұдан әрі - АІЖК) К951000_ Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі жөніндегі ұсынымын қарады.

Ұсынылған материалдарды зерделеп, баяндамашы В.Д.Шопиннің және өтініш субъектісі өкілінің сөйлеген сөздерін тыңдап, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мынаны анықтады:

1. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне 2000 жылғы 2 қазанда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің К990411_154-бабы бірінші тармағы 3) тармақшасының К951000_ Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі жөніндегі ұсынымы келіп түсті.

Ұсынылған материалдардан көрініп тұрғанындай, азамат А.С.Бусаревтің Бас прокуратураның әрекетін заңсыз деп тану, сондай-ақ оның ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғау туралы Жоғарғы Сотқа берген талап арызы жүгіну үшін себеп болған. Жоғарғы Сот 2000 жылғы 3 тамыздағы ұйғарымымен, аталмыш дау бұл соттың соттауына жатпайды және арызды әрекетке қабілетсіз адам берген деген негізбен талап арызды қайтарып жіберген. А.С.Бусарев өзінің жеке шағымында, бұл ұйғарым адамның сот арқылы қорғалуға конституциялық құқығын шектейтін заңға негізделген деп дәлелдей отырып, оның күшін жоюды сұраған.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төралқасы, А.С.Бусаревтің Жоғарғы Соттың ұйғарымына берген жеке шағымын қарап, арызды әрекетке қабілетсіз адамның беруі секілді негізбен талап арызды қайтарып жіберу шынында да заңда - Республика АІЖК-нің 154-бабы бірінші тармағының 3) тармақшасында көзделгенін, ал АІЖК-нің 63-бабы бірінші тармағына сәйкес, әрекетке қабілетсіз азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін сотта олардың заңды өкілдері қорғайтынын атап көрсеткен. Сонымен бірге, Жоғарғы Соттың Төралқасы, Қазақстан

Республикасы Конституциясының 13-бабы 2-тармағының және 39-бабы 3-тармағының негізінде, АІЖК-нің 154-бабы бірінші тармағының 3) тармақшасы әрекетке қабілетсіз адамның сот арқылы қорғалу құқығын белгілі бір шамада шектейді деген ұйғарымға келген, өйткені талап арызбен сотқа оның өзінің тікелей жүгіну мүмкіндігін жоққа шығарады және осы құқығын жүзеге асыруды әрекетке қабілетсіз адамның емес, оның заңды өкілінің ерік білдіруімен байланыстырады. Баяндалғанға орай, Жоғарғы Соттың Төралқасы А.С.Бусаревтің жеке шағымы бойынша іс жүргізуді тоқтата тұрып, АІЖК-нің 154-бабы бірінші тармағы 3) тармақшасының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін тексеру туралы өтінішпен Конституциялық Кеңеске жүгінген.

2. Жоғарғы Соттың АІЖК-нің аталған нормасының Конституцияға сәйкестігі жөніндегі ұсынымын қарау кезінде Конституциялық Кеңес мынаны ескерді.

АІЖК-нің К990411_154-бабы бірінші тармағы 3) тармақшасының нормасында: "Судья талап арызды, егер: ...3) арызды әрекетке қабілетсіз адам берсе, қайтарып жібереді" - деп белгіленген. Жоғарғы Сот бұл норманың, әркімге өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқық беретін Конституцияның 13-бабы 2-тармағына қатысты конституциялылығына күмәнданған. Бұл орайда, Конституцияның К951000_39-бабы 3-тармағына сай, осы құқық ешбір жағдайда да шектелуге жатпайды

Алайда Конституцияның 13-бабы 2-тармағынан, әрбір адам, жасына, психикалық хал-жайына қатыссыз сотқа өзі жүгінуі, өз қалауы бойынша сотта қорғалудың тәсілі мен рәсімін таңдауы мүмкін екендігі келіп шықпайды. Конституцияның 13-бабы 2-тармағында баянды етілген сот арқылы қорғалу құқығы заңда белгіленген негізде және сол тәртіппен жүзеге асырылады, Конституциялық Кеңес өзінің 1999 жылғы 29 наурыздағы "Қазақстан Республикасы Конституциясы К951000_13-бабының 2-тармағына, 14-бабының 1-тармағына, 76-бабының 2-тармағына ресми түсіндірме беру туралы" N 7/2 S990007_қаулысында бұл жәйтті атап көрсеткен болатын. Атап айтқанда, Республиканың іс жүргізу заңдарының нормалары әрбір адамның сот арқылы қорғалу құқығының жүзеге асырылуын қамтамасыз ете отырып, кәмелетке толмағандар және әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдар үшін ерекше ережелерді белгілейді.

3. Қаралып отырған ұсынымға қатысты қолданыста, АІЖК-нің К990411_46-бабының үшінші тармағында және 63-бабының бірінші тармағында әрекетке қабілетсіз деп танылған азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін сотта олардың заңды өкілдері қорғайтыны белгіленген. Осы ережеге сәйкес, АІЖК-нің 154-бабы бірінші тармағының 3) тармақшасына сай, судья талап арызды, егер оны әрекетке қабілетсіз адам берген болса, қайтарып жібереді. Материалдардан көрініп тұрғанындай, АІЖК-нің аталған нормалары, Жоғарғы Соттың А.С.Бусаревке талап арызды қайтарып жіберуіне негіздердің бірі болған.

Конституциялық Кеңес АІЖК-нің К990411_154-бабы бірінші тармағы

3) тармақшасының Конституцияның 13-бабы 3-тармағына сәйкестігіне күмәндануға негіз жоқ деп есептейді. Азаматтық және азаматтық іс жүргізу заңдарының азаматты әрекетке қабілетсіз деп тану, оған қамқорлық орнату және оның құқықтарын сақтаудың ерекше ережелерін белгілеу туралы нормалары мұндай адамдардың заңды мүдделерін қорғауға бағытталған. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің К941000_ 26-бабы бірінші тармағына сай жүйке ауруы немесе ақыл-есінің кемдігі салдарынан өз әрекеттерінің мәнін түсіне алмайтын немесе не істегенін білмейтін азамат әрекет қабілеттілігі жоқ деп танылады, соған байланысты оған қорғаншылық белгіленеді. Қамқоршылық және қорғаншылық институты бұл санаттағы азаматтардың заңды мүдделерін қамтамасыз ету және қорғау үшін жетпей жатқан әрекет қабілеттілігін толықтырып отырады. Әрекетке қабілетсіз азаматтарға қатысты мемлекет, олардың заңды өкілдері, прокурор, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар мен жеке азаматтар арқылы олардың құқықтарын, бостандықтарын және қорғалатын мүдделерін жүзеге асырудың механизмін белгілеген және заңмен бекіткен (АІЖК-нің 46-бабы үшінші тармағы, 55-бабының үшінші тармағы, 56 және 63-баптары).

Конституцияның 13-бабында көзделген құқықтар мен бостандықтарды ешбір жағдайда да шектеуге жол бермейтін Конституцияның 39-бабы 3-тармағының нормасына келер болсақ, онда бұл жоғарыда баяндалған, АІЖК-нің 154-бабы бірінші тармағының 3) тармақшасы сот арқылы қорғалу құқығына нұқсан келтірмейтініне, керісінше, әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдардың бұл конституциялық құқығын жүзеге асыруына кепілдікті күшейтуге септігін тигізетініне дәлел болады.

Осылайша, АІЖК-нің К990411_ 154-бабы бірінші тармағының 3) тармақшасы Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтірмейді және әрекетке қабілетсіз адамның сот арқылы қорғалуға конституциялық құқығын шектемейді. Онда баянды етілген ереже Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келмейді.

Баяндалғанның негізінде және Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 2-тармағын және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар U952737_ Жарлығының 17-бабы 4-тармағының 1) тармақшасын, 32, 33, 37 және 41-баптарын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің К990411_ 154-бабы бірінші тармағы 3) тармақшасының нормасы Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы емес деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000_ 74-бабы

3-тармағына сәйкес қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді, шағымдануға жатпайды, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабы 4-тармағында көзделген жағдайды ескеріп, түпкілікті болып табылады.

3. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

Қазақстан Республикасы
Конституциялық Кеңесі
Төрағасының міндетін атқарушы

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Шарипова М.Е.